27-02/5 19.01.2026

**БЕКІТЕМІН**
**«ОҚМА» АҚ ректоры**
**Ж.Сейтжанова**

# ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫН ЖОО ІШІЛІК ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Е 506 -2026**

| Күні | Көшірме | Басылым |
|---|---|---|
| | | Бірінші |

**Шымкент**

1. **«ОҚМА» АҚ** Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

2. **«ОҚМА» АҚ** Ғылыми кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Тексеру кезеңі – 3 жыл

# МАЗМҰНЫ


1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР…………………………………………......... 4
2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР………………... 4
3 НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР……………………………………………………… 6
4 КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ……………………….. 7
5 ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР............ 8
6 КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМНІҢ НЫСАНЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР......................................................................... 11
7 А ҚОСЫМША…………………………………………………………….. 13
8 Б ҚОСЫМША…………………………………………………………….... 23
9 В ҚОСЫМША…………………………………………………………….. 27

# 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі сыртқы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

– 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

– 2024 жылғы 7 қарашадағы № 517 «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы;

– 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының бұйрығы;

– ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

– СТ РК 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар»;

– СТ 004-2024 «Қызметтік құжаттарды басқару»;

– СТ 002-2024 «Ішкі нормативтік құжаттарды басқару»;

– СТ 022-2024 «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқару»;

– СТ 008-2024 «Сапа саласындағы тәуекелдерді басқару»;

– СТ 011-2024 «Персоналды басқару»;

– «ОҚМА» АҚ Жарғысы;

– ҒЗЖ-ны ішкі бақылау туралы ереже;

# 2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

– ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – Грант) — шартта көзделген талаптар негізінде ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру туралы шартқа сәйкес нақты ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде ұсынылатын қаржылық қолдау нысаны, ол «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) меншікті қаражаты есебінен конкурс негізінде беріледі;

– ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) — ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды іріктеу және оларды «ОҚМА» АҚ-ның меншікті қаражаты есебінен кейіннен қаржыландыру рәсімі;

– конкурстың тапсырыс берушісі және ұйымдастырушысы — «ОҚМА» АҚ;

– орындаушы / грант алушы — ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы болып табылатын, жоба жетекшісі және ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру туралы шарт жасасқан тұлға;

– тәуелсіз сараптамалық топ — Конкурсқа қатысушылармен және ұйымдастырушымен жеке немесе кәсіби мүдделілікпен байланысты емес, конкурстық өтінімдерді объективті бағалау, ұсынылатын жобалардың ғылыми жаңалығын, маңыздылығын және сапасын талдау үшін тартылатын мамандар жиынтығы;

– шарт — орындаушы мен тапсырыс беруші арасында жасалатын коммерциялық құжат. Оның талаптарына сәйкес орындаушы шарттың нысанына қарай белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру немесе белгілі бір жұмыс түрін орындау міндеттемесін өзіне алады;

– уақытша ғылыми ұжым (бұдан әрі – УҒҰ) — қойылған ғылыми міндетті шешу үшін қажетті мерзім ішінде ғылыми нәтижеге қол жеткізу мақсатында шарттық негізде біріккен ғылыми қызметкерлер мен мамандар тобы;

– ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ҒЗЖ) — жаңа білім алуға және ғылыми гипотезаларды тексеруге бағытталған, іргелі және қолданбалы зерттеулерді қамтитын, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу үшін ғылыми әдістерді пайдалана отырып жүргізілетін қызмет;

– ғылыми коллаборация — ортақ ғылыми мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін зерттеулер жүргізуге, білім, тәжірибе және ресурстар алмасуға бағытталған ғалымдардың, зерттеу топтарының немесе ғылыми ұйымдардың бірлескен қызметі;

– өтінім — Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын, жоспарланған ғылыми немесе ғылыми-техникалық жұмыстың сипаттамасын, оның ішінде мақсаттары мен міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, ғылыми-практикалық маңыздылығын және жоспарланған зерттеулерді жүргізудің орындылығын қамтитын құжат;

– күнтізбелік жоспар — жобаның барлық міндеттері мен кезеңдері, олардың басталу және аяқталу мерзімдері, орындалу реттілігі, сондай-ақ

әрбір кезең бойынша қол жеткізілуге тиіс күтілетін нәтижелер көрсетілген құжат;

– есептік құжаттама — белгілі бір кезеңдегі жобаны іске асыру барысын, оның ішінде қаражатты пайдалану және өтінім мен осы Ережеде белгіленген күтілетін нәтижелерге қол жеткізу туралы мәліметтерді көрсететін құжаттар;

– КОКСҒЖББ — Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

– ЖТН — жеке тіркеу нөмірі;

– ЖЖЖББҰ — жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

## 3. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру конкурсы туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы биомедицина зерттеулерін іске асыруға жәрдемдесу мақсатында «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушылары (PhD докторанттар, постдокторанттар) арасында Конкурсты өткізу тәртібі мен рәсімін айқындайды.

3.2. Осы Ережені іске асыру мен өткізудің мақсаты – ҒЗЖ деңгейін арттыру, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды орындауын қамтамасыз ету және «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми әлеуетін дамыту болып табылады, бұл перспективалы зерттеулерді қолдауға, маңызды нәтижелер алуға және рейтингтік халықаралық журналдарда жарияланымдар жасауға бағытталған ішкі университеттік гранттар конкурсын өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

3.3. Қаржыландырылатын гранттардың саны мен сомасы, конкурсты өткізу мерзімдері, сондай-ақ өзге де шарттар «ОҚМА» АҚ Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығымен айқындалады.

3.4. Грант алушы осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жоба бойынша есепке алу мен есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді.

3.5. Гранттардың жалпы саны мен оларды қаржыландыру көлемі Қаржы-экономикалық басқармамен келісіліп, «ОҚМА» АҚ Басқарма Төрағасы – ректорының шешімімен бекітіледі.

3.6. Конкурсты өткізу мерзімдері мен өзге де шарттар осы Ережемен айқындалады, Ғылыми кеңесіне қаралады және «ОҚМА» АҚ Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығымен бекітіледі.

## 4. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

4.1. Конкурс жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі тарапынан жарияланады. Офис Конкурсты өткізу мерзімдері, шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты «ОҚМА» АҚ-ның ресми сайтында (https://new.skma.edu.kz/ru) орналастырады және конкурс туралы ақпараттық хаттың таратылуын қамтамасыз етеді.

4.2. Өтінімдер электрондық форматта vvg_skma2025@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

4.3. Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделмеген өтінімдер Конкурсқа жіберілмейді.

4.4. Жеке тұлға Конкурсқа ғылыми жетекші немесе зерттеу тобының мүшесі ретінде бір ғана жоба шеңберінде қатысуға құқылы. Бұл ретте жоба жетекшісі мен зерттеу тобы сол жоба бойынша өзге де ішкі немесе сыртқы қаржыландыру көздерінен қатар қаржыландыру алмауы тиіс.

4.5. Конкурсқа қатысушылар болып мыналар табыла алады:

— соңғы 10 жылдан аспайтын мерзімде алынған доктор (PhD немесе баламасы) ғылыми дәрежесі бар «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-педагогикалық және зерттеу қызметкерлері;

— «ОҚМА» АҚ-ның PhD докторанттары мен постдокторанттары;

— ғылыми дәрежесі жоқ «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-педагогикалық және зерттеу қызметкерлері.

4.6. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім осы Ережеде бекітілген нысан мен талаптарға сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілінде, сондай-ақ міндетті түрде ағылшын тілінде ресімделуі тиіс.

4.7. Конкурсты өткізу кезеңдері:

— I кезең – жоба туралы мәліметтерді қамтитын конкурстық өтінімдерді қабылдау және өтінімдерге Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисі тарапынан бастапқы техникалық сараптама жүргізу, сондай-ақ мәтіндік ұқсастыққа тексеру бойынша өтінімдерді 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қарау.

Сараптама нәтижелері бойынша өтінімдер пысықтауға жіберілуі мүмкін. Мұндай жағдайда өтінім берушілер ұсынылған ескертулерге сәйкес өтінімдерді 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықтап, оларды техникалық сараптамаға қайта ұсынуға міндетті;

— II кезең – техникалық сараптамадан өткен өтінімдерді В қосымшасына сәйкес тәуелсіз сарапшылар тобының өтінімдерді сараптауы – 20 (жиырма) жұмыс күні.

— III кезең – тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған конкурстық өтінімдерді Ғылымдық және Ғылыми кеңесінің отырыстарында қарау және Конкурс қорытындылары, жеңімпаздарға гранттар бөлу, сондай-ақ гранттардың жалпы саны мен оларды қаржыландыру тәртібін бекіту туралы хаттамалық шешім қабылдау.

4.8. Конкурс қорытындылары міндетті түрде «ОҚМА» АҚ-ның ресми сайтында (https://new.skma.edu.kz/ru ) жарияланады.

## 5. ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

5.1. Қаржыландыруға мақұлданған жобаларды іске асыру «ОҚМА» АҚ базасында жүзеге асырылуы тиіс.

5.2. Гранттық қаржыландыру қаражатын үйлестіру жобаның ғылыми жетекшісі тарапынан жүзеге асырылады.

5.3. Өтінімде көзделген мақсаттарға, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін гранттық қаржыландыру қаражаты Конкурсқа қатысуға берілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізумен тікелей байланысты шығыстар түрлеріне бағытталуы тиіс.

5.4. Ғылыми әдепті бұзу фактілері (плагиат, жалған теңавторлық, қайталау, өзгенің деректерін иемдену, нәтижелерді қолдан жасау немесе бұрмалау) анықталған жағдайда, сондай-ақ аралық немесе қорытынды есеп мақұлданбаған кезде, Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша жоба жетекшісі мәлімделген нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін, бірақ кемінде 1 (бір) жыл мерзімге ұйымдастырушы өткізетін конкурстарға қатысудан шеттетіледі. Бұл туралы Конкурсты ұйымдастырушы хабардар етеді.

5.5. Мәлімделген нәтижелерге қол жеткізілмеген, күнтізбелік жоспар бұзылған, есептілік уақтылы ұсынылмаған немесе осы Ереженің талаптары сақталмаған жағдайда Конкурсты ұйымдастырушылар қаржыландыруды тоқтата тұруды бастамашылық етуге құқылы. Қарау нәтижелері бойынша Басқарма Төрағасы – ректор грант алушыны кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабардар ете отырып, тиісті бұйрық шығарады.

5.6. Гранттық қаржыландыру конкурсының қорытындылары бойынша жеңімпаздармен ғылыми немесе ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға арналған шарт (Б қосымшасы) жасалады. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда ғана енгізіледі.

5.7. Жасалған шарттар бойынша күнтізбелік жоспарға өтінімде көрсетілген міндеттерді, іс-шараларды, күтілетін түпкі нәтижелерді өзгертуге, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың көрсетілген квартиль/процентиль санын азайтуға жол берілмейді, жобаны іске асырудың келесі жылына жарияланымды негізді түрде көшіру жағдайлары бұған кірмейді.

5.8. Күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар:

5.8.1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға өтінім беру.

5.8.2. Ғылыми жарияланымдар:

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асырудың бүкіл кезеңінің қорытындысы бойынша жоба ғылыми жетекшісі төменде көрсетілген ең төменгі нәтижелерге қол жеткізуі тиіс:

- **«Жас ғалым»** жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсына өтінім беруді кейіннен жоспарлайтын ғылыми жетекші үшін: ҒЖБССҚК ұсынған, 1–2 санаттар тізіміне енгізілген, рецензияланатын шетелдік немесе отандық ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

-**жас ғалымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларын гранттық қаржыландыру** конкурсына өтінім беруді жоспарлайтын ғылыми жетекші үшін: Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және (немесе) Scopus дерекқорындағы CiteScore процентилі кемінде 35 (отыз бес) болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу, сондай-ақ ҒЖБССҚК ұсынған, 1–2 санаттар тізіміне енгізілген, рецензияланатын шетелдік немесе отандық ғылыми басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу;

-**ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар** бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына өтінім беруді жоспарлайтын ғылыми жетекші үшін: жоба бағыты бойынша Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus дерекқорында CiteScore процентилі кемінде 50 (елу) болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу, сондай-ақ ҒЖБССҚК ұсынған, 1–2 санаттар тізіміне енгізілген, рецензияланатын шетелдік немесе отандық ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.

Есепке тек осы дерекқорларда индекстелген (орналастырылған) және Article (Мақала), Review (Шолу), Early Access (Ерте қолжетімділік) немесе Article in Press (Баспадағы мақала) түріне жататын жарияланымдар ғана алынады. Web of Science дерекқорындағы журналдың квартилі және Scopus дерекқорындағы CiteScore процентилі жарияланған жыл бойынша немесе өтінім берілген сәттегі соңғы қолжетімді деректер бойынша есепке алынады.

Scopus дерекқорынан түрлі бұзушылықтарға байланысты индекстеуі тоқтатылған журналдарда жарияланған мақалалар мен шолулар (Elsevier компаниясының https://www.elsevier.com/solutions/scopus/how-scopus-works/content бетіндегі «Discontinued Sources from Scopus» файлы) есепке алынбайды.

— жоба жетекшісі мақалалардың және (немесе) шолулардың, патенттің бірінші авторы немесе корреспонденциялық авторы болуы міндетті, сондай-ақ мақалалар және (немесе) шолулар, патент авторларының кемінде 50 %-ы зерттеу тобының мүшелері болуы тиіс;

— жоба қорытындылары бойынша барлық жарияланымдарда қаржыландыру көзі ретінде «ОҚМА» АҚ-ның ЖОО ішкілік гранттық қаржыландыру, сондай-ақ жобаның ЖТН-ін міндетті түрде көрсетілуі тиіс;

— зияткерлік меншік объектілерінің нәтижелеріне қатысты қорғау құжаттары (өнертабысқа немесе пайдалы модельге патент, авторлық куәліктер).

5.8.3. Жобаны іске асыру нәтижесінде дайындалған ғылыми-техникалық өнім, оның ішінде өңірлер экономикасының негізгі мәселелерін шешуге арналған (жаңа технологиялар, әдістемелер, бағдарламалық қамтамасыз ету, техникалық құжаттама, ұсынымдар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, карталар, жаңа материалдар, заттар, жабдықтар, препараттар, құралдар, емдеу хаттамалары және басқа да өнімдер) қорғау құжатымен, енгізу актісімен, енгізу жөніндегі ұсынымдармен, лицензиялық келісіммен, коммерцияландыру жобасына өтініммен бірге құжаттамалық растау түрінде ұсынылуы тиіс, ал аталған өнімге құқықтар «ОҚМА» АҚ-ға тиесілі болады.

5.9. Жобалар бойынша барлық есептер, оның ішінде қол жеткізілген нәтижелер, мәтіндік ұқсастыққа анықтауға арналған лицензиялық жүйеде (платформада) тексерілуі тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде міндетті түрде көрсетіледі.

## 6. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМНІҢ НЫСАНЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Өтінім беруші Конкурсқа қатысу үшін өтінімді электрондық форматта vvg_skma2025@mail.ru электрондық поштасы арқылы жолдайды.

Өтінімдер академиялық және зерттеу әдебінің қағидаттары мен нормаларына сәйкес болуы тиіс.

Өтінімде жобаны іске асыру мерзімі 12 айдан 36 айға дейін екендігі көрсетілуі қажет.

6.2. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

— А қосымшасына сәйкес Конкурсқа қатысуға өтінім;

— адамдар мен жануарлар қатысатын биомедициналық зерттеулер үшін биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы;

— ғылыми дәрежесінің бар екенін растайтын құжат (ғылым кандидаты/докторы немесе PhD дипломының көшірмесі);

—PhD докторантурасының толық курсын меңгерген докторантты оқудан шығару туралы бұйрықтың көшірмесі немесе одан үзінді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының бірінші басшысы қол қойған және мөрмен расталған.

- PhD докторантура білім беру дәрежесінде оқитынын растайтын анықтама.

**Әзірлеген:**

| Лауазымы | Аты-жөні |
|---|---|
| Жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің меңгерушісі | Д.Ғ. Болатова |
| Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу бөлімінің меңгерушісі | Д.Әуезханқызы |

**Тексерген:**

| Лауазымы | Аты-жөні |
|---|---|
| Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі | Н.А.Ержанов |
| Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы | О.А.Кабиштаев |

**Келісілген:**

| Лауазымы | Аты-жөні |
|---|---|
| Қаржы-экономикалық басқармасының басшысы, бас бухгалтер | Д.А.Баймбетова |
| Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор | Н.Е.Аукенов |

# А ҚОСЫМШАСЫ

## ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру конкурсы қатысуға өтінім

**Өтінім келесі бөлімдерден тұрады:**

1. Аннотация;
2. Түсіндірме жазба;
3. Сұратылатын қаржыландырудың есебі.

**1. Аннотация**

Аннотацияда жобаның мақсатының қысқаша сипаттамасы, ол бағытталған зерттеу проблемалары, зерттеулерді жүргізудің негізгі тәсілдері, күтілетін нәтижелер, зерттеу нәтижелерінің «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-техникалық (оның ішінде кадрлық) әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету дәрежесі, сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы, яғни оларды коммерцияландыруға дайындық деңгейі немесе Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін өзге де түрде қолдану мүмкіндігі көрсетіледі. Аннотацияның көлемі 600 сөзден аспауы тиіс.

**2. Түсіндірме жазба**

Түсіндірме жазбаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды (өтінім нысанында сілтемелер берілген кестелер, сызбалар, диаграммалар түсіндірме жазбаның қосымшасына шығарылады және тиісті бөлімдер бойынша сөз санын және өтінімнің жалпы бет санын есептеу кезінде ескерілмейді):

**1. Жалпы ақпарат**

1.1. Жоба тақырыбының атауы (30 сөзден аспайды).

1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.

1.5.  Зерттеу түрі.

1.6. Жобаның болжамды басталу және аяқталу мерзімі, ұзақтығы (аймен).

1.7. Сұратылатын гранттық қаржыландыру сомасы (жобаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, теңгемен).

1.8. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйінді сөздер.

**2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы (750 сөзден аспайды)**

2.1. Кіріспе бөлім (150 сөзден аспайды) Жобаның идеясының қысқаша сипаттамасы, ол бағытталған шешілуі тиіс проблема көрсетіледі. Жобаның пәнаралық сипаты сипатталады.

2.2. Жобаның мақсаты (100 сөзден аспайды) Мақсат қысқа әрі нақты түрде баяндалады, жоба тақырыбына сәйкес келуі, қолжетімді болуы және жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипатын көрсетуі тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілетін зерттеулер нәтижесінде жауап берілуі көзделетін негізгі мәселені қамтуы қажет.

2.3. Жобаның міндеттері (500 сөзден аспайды) Бұл бөлімде жобаның мақсатына логикалық тұрғыдан өзара байланысты, бірізді міндеттер арқылы қол жеткізу тәсілі сипатталады. Қойылған міндеттердің тізбесі келтіріледі:

— міндеттердің орындалуын бағалауға мүмкіндік беретін өлшенетін көрсеткіштерімен;

— әрбір міндеттің жобаның мақсатына қол жеткізудегі рөлін және оның басқа міндеттермен әрі жобаның күтілетін нәтижелерімен өзара байланысын қысқаша негіздей отырып;

**3. Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы (1 500 сөзден аспайды)**

Бұл бөлімде келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

— жобаны әзірлеудің алғышарттары (бар болған жағдайда жоба тақырыбына қатысты алдын ала нәтижелер және/немесе өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

— жобаның ғылыми жаңалығын негіздеу, міндетті түрде зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген бұрынғы ғылыми зерттеулерді шолу, бар білімнің жеткіліксіздігін көрсету және олардың ағымдағы жобаға байланысын сипаттау (шолу контекстінде қолданылған әдебиеттерге сілтемелер көрсетілуі керек, толық нұсқасы 9-бөлім «Библиографияда» берілетін болады), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі бар баламалармен салыстыру;

— жобаның нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болса, әлеуметтік сұраныс және/немесе экономикалық және өндірістік мүдделілік, басқа да растайтын деректер қосылады), жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы, оның нәтижелерінің сәйкес экономикалық, ғылыми саланы және/немесе қоғамдық қатынастарды дамытуға қолданылу мүмкіндігі;

— Бұл бөлімді сипаттау кезінде келесі пункттерге назар аудару қажет:

— жобаның идеясының бар баламалардан негізгі айырмашылықтары (егер идея немесе зерттеу нәтижесі әлемде және/немесе Қазақстанда бар болса, жобаның артықшылықтары неде екенін және неге ол қаржыландырылуы тиіс екенін негіздеу қажет);

— егер жобаның соңғы нәтижесі өнім болса, қазіргі таңда жобаның пәндік саласындағы техникалық деңгейді және жобада ұсынылған өніммен салыстырғанда сипаттау қажет;

— егер жоба өтінім беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болса, жобаның бұрынғы зерттеулермен байланысын нақты және қысқаша баяндап, олардың арасындағы айырмашылықтарды көрсету қажет.

**4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер (1 500 сөзден аспайды)**

Бұл бөлімде келесі ақпарат қамтылады:

— жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, жобада қолданылатын зерттеу түрлері (сипаттамалық, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеулерді жүргізу реттілігі;

— ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

— жобада қолданылатын зерттеу әдістерін сипаттау, оларды қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негіздемесі ретінде көрсету, әдістердің жоба мақсаты мен міндеттерімен, сондай-ақ бір-бірімен өзара байланысын көрсету;

— рерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқығын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншік құқығын қорғау тәсілі көрсетіліп, таңдау негізделуі тиіс).

**5. Зерттеу тобы және жобаны басқару**

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес рәсімделеді.

Зерттеу тобының негізгі құрамына кіретін қызметкерлердің жобаның бағыты бойынша жарияланымдары туралы мәліметтер және сәйкес ғылыми-метрикалық дерекқорларға жарияланымдарға сілтемелер көрсетілуі тиіс.

**6. Зерттеу ортасы [1 000 сөзден аспауы тиіс]**

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

— жобаны жүзеге асыру үшін тікелей қолданылатын өтініш берушінің материалдық-техникалық базасының сипаттамасы (жабдықтар, аспаптар, инвентарь, көлік, ғимараттар, құрылыстар және басқалар), оның қолдану бағыты және ғылыми-зерттеу жабдықтарымен жұмыс істеу дағдылары бар зерттеу тобының мүшелері көрсетілуі тиіс.

— сонымен қатар, бұрын алынған гранттық ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру шеңберінде сатып алынған жабдықтар, аспаптар және т.б. бөлек көрсетілуі қажет.

— жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен жеке серіктестер), оларды пайдаланудың сипаты мен негіздемесін көрсете отырып (басқа отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалануды негіздеу).

— жобаны жүзеге асыруға сыртқы ұйымдарды тарту, әр ұйымды тартудың қажеттілігін негіздеу, жобадағы рөлін сипаттау, атқаратын жұмысының сипаты, жобаның мақсатына қосатын үлесі және күтілетін нәтижелер;

— мобильділікті негіздеу: ғылыми іссапарлар және олардың жобаны жүзеге асыруға әсері, серіктес ұйымдардың базасында жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға ықпалы. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және орындаушының жобаның мақсатына қосатын үлесі қысқаша көрсетіледі.

**8. Күтілетін нәтижелер (900 сөзден аспауы тиіс)**

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі сипатталады, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру формасы көрсетіледі. Нәтиже жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес негізделеді.

**9. Библиография**

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» бөлімінде көрсетілген жарияланымдарға сілтемелер көрсетіледі.

**3) Сұралған қаржыландыруды есептеу**.

«Сұралған қаржыландыруды есептеу» бөлімі жобаны жүзеге асыруға сұралған гранттық қаржыландыру көлемін есептеуді негіздейтін 2–7-кестелер түрінде рәсімделеді. Көрсетілген кестелерге жүргізілген есептеулерге түсініктемелер беріліп отырады.

«Қызметтік іссапарлар» мақаласында зерттеулерді жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерге жасалатын іссапарларға қатысты барлық шығындар көрсетіледі, соның ішінде конференциялар, семинарлар, симпозиумдарға қатысу, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін іссапарлар, 3-кестеге сәйкес (билеттер бойынша (авто, теміржол, авиа) қызмет көрсететін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын қоса беру). Аталған кестені толтыру кезінде қызметкерлердің қызметтік іссапарлары туралы «ОҚМА» АҚ ережесі Е 044/456-2023» нұсқаулығына сүйену қажет.»

«Ғылыми-ұйымдастырушылық қолдау, басқа қызметтер мен жұмыстар» мақаласында орындаушының кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, жобаның мақсатына жету үшін қажетті қызметтерге арналған шығындар көрсетіледі, соның ішінде 1) жалпы пайдалану ғылыми зертханалары мен басқа зертханалардың қызметтері, 2) бірлескен орындаушылардың ұйымдарының қызметтері, 3) конференциялар, семинарлар, симпозиумдарға қатысуға арналған ұйымдастырушылық жарналар, 4) жобаның нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге арналған шығындар, 5) зерттеу нәтижелерін жариялауға арналған шығындар, 6) 5-кестеге сәйкес аналитикалық материалдарды сатып алу (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және/немесе прайс-листті қосу қажет).»

«Материалдарды сатып алу (заңды тұлғалар үшін), жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін)» мақаласында жобаның мақсатына жету үшін қажетті барлық материалдық шығындар мен жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға арналған шығындар көрсетіледі, соның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, зертханалық тұтыну материалдары, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағар май және басқа материалдар 5-кестеге сәйкес (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша кемінде 3 (үш) баға ұсынысын қосу қажет). Сонымен бірге, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу жеке тұлғаларға рұқсат етілмейді.

«Зерттеулерді жүзеге асыру үшін қолданылатын ғимараттарды, жабдықтар мен техниканы жалға алу шығындары және олардың пайдалану шығындары» мақаласында жобаның мақсатына жету үшін қажетті ғимараттарды, жабдықтар мен техниканы жалға алу шығындары көрсетіледі, егер өтініш берушіде сәйкес ғимараттар болмаса, сондай-ақ жобаны жүзеге асыруға байланысты коммуналдық қызметтерге және зерттеулерді жүргізуге тікелей қатысатын ғимараттарды, жабдықтар мен техниканы қызмет көрсету шығындары 6-кестеге сәйкес (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша кемінде 3 (үш) баға ұсынысын қосу қажет).

1-кесте – Зерттеу тобының құрамы

| № р/с | Толық аты-жөні (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы | Негізгі жұмыс орны, лауазымы | Хирш индексі, ResearcherID, ORCID, Scopus Author ID (бар болса) | Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі және атқаратын жұмысының сипаты | Қатысуының қысқаша негіздемесі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Ү 506-001-2026

2-кесте – Сұралған қаржыландыру сомасы бойынша шығындардың біріктірілген сметалық есебі

| № р/с | Шығындар мақаласының атауы | Қаржыландыру көлемі, теңге | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | 20____жыл (1-ші жыл) | 20____жыл (2-ші жыл) | 20____жыл (3-ші жыл) |
| 1. | Ғылыми-ұйымдастырушылық қолдау, басқа қызметтер мен жұмыстар | | | | |
| 2. | Материалдарды сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін) | | | | |
| 3. | Зерттеулерді жүзеге асыру үшін қолданылатын жабдықтар мен техниканы жалға алу және пайдалану шығындары | | | | |
| Барлығы | | | | | |

Ү 506-002-2026

3-кесте – Қызметтік іссапарлар

| № р/с | Мақсатты нүкте (ел, қала, елді мекеннің атауы) | 1 адамға тәуліктік шығындарды өтеу нормасы (2 × айлық есептік көрсеткіш) (теңге) | 1 адамға тәулікке тұрғын үйді жалға алу шығындарының нормасы (теңге) | Тәуліктік шығындарды есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн) | Тұрғын үйді жалға алу шығындарын есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн) | Орташа жылдық іссапарға шығатын адамдар саны (адам) | Бір адамның жол жүруіне екі жаққа орташа құны (теңге) | Шығын сомасы (мың теңге) ((бағана 3 × бағана 5 + бағана 4 × бағана 6 + бағана 7 × бағана 8)/1000) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. | 20___жыл (1-ші жыл) барлығы | | | | | | х | |
| 1.1. | | | | | | | | |
| 1.2. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |
| 2. | 20___жыл (2-ші жыл) барлығы | | | | | | х | |
| 2.1. | | | | | | | | |
| 2.2. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |
| 3. | 20___жыл (3-ші жыл) барлығы | | | | | | х | |
| 3.1. | | | | | | | | |
| 3.2. | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |
| Барлығы (бағана 1 + бағана 2 + бағана 3) | | | | | | | х | |

4-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық қолдау, басқа қызметтер мен жұмыстар

| №<br>р/с | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны, бірліктері | Бірлік бағасы, теңге | Жалпы құны, теңге<br>(бағана 4 × бағана 5) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | 20___жыл (1-ші жыл) барлығы | | | x | |
| 1.1. | | | | | |
| 1.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| | | | | | |
| 2. | 20___жыл (2-ші жыл) барлығы | | | x | |
| 2.1. | | | | | |
| 2.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| 3. | 20___жыл (3-ші жыл) барлығы | | | x | |
| 3.1. | | | | | |
| 3.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| Барлығы (бағана 1 + бағана 2 + бағана 3), теңге | | | | x | |

5-кесте – Материалдарды, жабдықтар мен (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу (заңды тұлғалар үшін)

| №<br>р/с | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны, бірліктері | Бірлік бағасы, теңге | Жалпы құны, теңге<br>(бағана 4 × бағана 5) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | 20___жыл (1-ші жыл) барлығы | | | х | |
| 1.1. | | | | | |
| 1.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| | | | | | |
| 2. | 20___жыл (2-ші жыл) барлығы | | | х | |
| 2.1. | | | | | |
| 2.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| 3. | 20___жыл (3-ші жыл) барлығы | | | х | |
| 3.1. | | | | | |
| 3.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| Барлығы (бағана 1 + бағана 2 + бағана 3), теңге | | | | х | |

6- кесте – Зерттеулерді жүзеге асыру үшін қолданылатын жабдықтар мен техниканы жалға алу және пайдалану шығындары

| № р/с | Атауы | Өлшем бірлігі | Бірлік бағасы, теңге | Саны, бірліктері | Барлығы, теңге (баған 4 × баған 5) |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | 20___жыл (1-ші жыл) барлығы | х | х | | |
| 1.1. | | | | | |
| 1.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| 2. | 20___жыл (2-ші жыл) барлығы | х | х | | |
| 2.1. | | | | | |
| 2.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| 3. | 20___жыл (3-ші жыл) барлығы | х | х | | |
| 3.1. | | | | | |
| 3.2. | | | | | |
| … | | | | | |
| Барлығы (баған 1 + баған 2 + баған 3), теңге | | х | х | | |

7-кесте – Іске асыру бойынша жұмыс жоспары

| №<br>р/с | Міндеттер мен оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы | Орындау мерзімі | | Жобаны іске асырудың күтілетін нәтижелері (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде), аяқтау нысаны |
|---|---|---|---|---|
| | | Басталуы<br>(ай) | Аяқталуы<br>(ай) | |
| 20____год | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| 20____жыл | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| 20______жыл | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Ү 506-007-2026

**Б ҚОСЫМШАСЫ**

**Шарт № ____**
**ЖОО ішілік гранттық қаржыландыру аясында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны жүзеге асыруға арналған**

Шымкент қ. «   »________20___ж.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (әрі қарай – тапсырыс беруші), ректор ____________________________ атынан, Жарғысына сәйкес әрекет ететін, бір жағынан, және _____________(әрі қарай – орындаушы), жеке тұлға ретінде әрекет ететін, төлқұжат № _________, екінші жағынан, бірге – тараптар, жекелеп – Тараптар, төмендегідей ақылы қызмет көрсету туралы Шартты (әрі қарай – шарт) жасасты:

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Грант иегері «__________________________________________» атты ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны (әрі қарай – Жоба) жүзеге асыруға міндеттенеді, ол:

- осы Шартқа;
- Жұмыстардың күнтізбелік жоспарына (А Қосымшасы, 6-Кесте);
- бөлінген қаражатты пайдалану есебіне сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Жоба «_»_________20_ж. бастап «_»_________20_ж. дейін жүзеге асырылады.

## 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2.1. Жобаны ЖОО ішілік гранттық қаржыландырудың жалпы көлемі ___________ (_____________) теңге. Соның ішінде жылдар бойынша:
20 жылға бөлінген қаржы шегінде — _________(сома сөзбен) теңге ____тиын.
2.2. Қаржы қаражаттары **қайтарымсыз және ақысыз негізде** беріліп, тек Жобаны жүзеге асыру мақсаттарына пайдаланылуға тиіс.
2.3. Қаражатты пайдалану бекітілген сметаға сәйкес жүргізіледі.
2.4. Қаржыны мақсатқа сай пайдаланбау немесе тиімді пайдаланбау Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жауапкершілікті тудырады.
2.5. 12 айдан асатын жобалардың орындаушылары **аралық есеп**, оның ішінде **Атқарылған жұмыстар туралы акт** және **Қаржыны пайдалану есеп-қисабы**, жыл сайын, жобаны жүзеге асырудың әр жылы **1 желтоқсанына** дейін ұсынады.

**Қорытынды есеп,** оның ішінде **Атқарылған жұмыстар туралы акт** және **Қаржыны пайдалану есеп-қисабы,** жобаны орындаудың соңғы жылы **10 желтоқсанға** дейін берілуі тиіс.

## 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Грант алушының міндеттері:
3.1.1. Жобаны белгіленген мерзімде орындауды қамтамасыз ету;
3.1.2. Есептік материалдардың сенімділігін қамтамасыз ету;
3.1.3. Ғылыми этика нормаларын сақтау;
3.1.4. Аралық және қорытынды есептерді тапсыру;
3.1.5. Күтілетін нәтижелер бойынша қойылған талаптарды орындау.
3.1.6. Грант алушы Жобаны жүзеге асыру аяқталғаннан кейін және/немесе осы Келісімнің мерзімі аяқталғаннан кейін өз біліктілігіне сәйкес қызметтік лауазымда Тапсырыс беруші ұйымында еңбек етуге міндеттенеді, мынадай мерзімге:
— **3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге –** егер грант алушы оқып жүрген санатқа (PhD докторанттары, постдокторанттар) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес жас ғалымдар санатына жатса;
3.3. Тапсырыс беруші грант алушыға қаржылық қаражатты бекітілген шығыс сметасына сәйкес және Келісімнің шарттарына сай уақытында бөлуге міндетті.
3.4. Міндеттемелердің орындалмауы немесе осы Келісімнің басқа талаптарының бұзылуы жағдайында Тапсырыс беруші қаржыландыруды тоқтату мәселесін қарастыруға құқылы.

## 4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Келісімге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

## 5. ЖАҢА ҚИЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЛАР (ФОРС-МАЖОР)

5.1. Тараптар міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап бермейді, егер бұл Келісім жасалғаннан кейін туындаған және Тарап алдын ала болжай немесе болдырмай алмаған төтенше жағдайлар салдарынан болса.
5.2. Жаңадан туындаған қиындық жағдайларына мыналар жатады: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғи апаттар, эпидемия, соғыс немесе әскери әрекеттер, сондай-ақ мемлекеттік билік немесе басқару органдарының шешімдері.
5.3. Мұндай жағдай туындаған жағдайда, оны сезінген Тарап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауы тиіс.
5.4. Форс-мажорға сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа ресми құжаттарды ұсынуы тиіс, бұл құжаттар жағдайдың бар екенін растап, мүмкіндігінше оның Келісім бойынша міндеттемелерді орындауға әсерін бағалауы керек. Қоғамға белгілі жағдайларды дәлелдеу қажет емес.

5.5. Егер форс-мажорға ұшыраған Тарап Келісімде көрсетілген құжаттарды бермесе, онда ол Тарап өз міндеттемелерін орындамауды ақтауға сілтеме жасау құқығынан айырылады.
5.6. Форс-мажор жағдайлары кезінде Тараптың Келісім бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі сол жағдайлардың және олардың салдарының әрекет ету мерзімімен пропорционалды түрде кейінге шегеріледі. Егер форс-мажор жағдайлары мен олардың салдары 3 (үш) айдан ұзақ әрекет етсе, Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудың баламалы әдістерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе міндеттемелер орындалмайтындықтан тоқтатылады (ақша міндеттемелерді қоспағанда) форс-мажор жағдайының басталған сәтінен бастап.

## 6. ДАУ-ДАМАЙЛАРДЫ ШЕШУ

6.1. Дауды сотқа дейін шешу келіссөздер жүргізу және талаптар қою арқылы жүзеге асырылады.
6.2. Даулар сот тәртібімен, жауапкердің орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.

## 7. ҚҰПИЯЛЫҚ

7.1. Осы Келісімнің, оған қосымша келісімдер мен тіркемелердің, сондай-ақ оның орындалуына байланысты құжаттама мен ақпараттың барлығы құпия болып табылады. Тараптар оларды тек Келісім бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей қатысатын адамдарға қолжетімді етіп қамтамасыз етеді. Басқа тұлғалардың қолжетімділігі Тараптар келісетін шарттар бойынша жүзеге асырылады.
7.2. Құпиялық туралы осы ережелер Келісімнің барлық әрекет ету мерзімі бойы сақталады.

## 8. КЕЛІСІМНІҢ ӨЗГЕРТІЛУІ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУ ТӘРТІБІ

8.1. Келісім шарттарының өзгертілуі жөніндегі ұсыныс өзгертулер енгізілетін күннен кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын екінші Тарапқа жіберіледі. Келісім шарттарының өзгерістері Келісімнің өзімен бірдей формада жүзеге асырылады – екі тараптың қосымша келісімі немесе заңнамада көзделген басқа жазбаша форма арқылы.
8.2. Келісімді тоқтату мүмкіндігі Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Келісім мен заңнамада көзделген негіздер бойынша біржақты орындалудан бас тарту арқылы жүзеге асады.
8.3. Тараптардың келісімі бойынша Келісімді тоқтату жөніндегі ұсыныс тоқтату ұсынылатын күннен кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын екінші Тарапқа жіберіледі. Келісімді тоқтату Келісімнің өзімен бірдей формада жүзеге асырылады – екі тараптың қосымша келісімі немесе заңнамада көзделген басқа жазбаша форма арқылы.
8.4. Келісімнен біржақты бас тарту жазбаша хабарлама арқылы жүзеге асады, ол екінші Тарапқа бас тарту күнінен кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

## 9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Келісім екі Тараптың қол қою сәтінен бастап күшіне енеді және 202___ жылға дейін күшінде болады.

9.2. Келісімге қол қойылғаннан кейін оған қатысты барлық алдын ала келіссөздер, хат алмасулар, алдын ала келісімдер және ниет хаттамалары құқықтық күшін жояды.
9.3. Келісім және Келісімді орындау барысында туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
9.4. Келісім 2 (екі) түпнұсқа көшірмеде жасалады, олардың мәтіндері бірдей құқықтық күшке ие: біреуі – Тапсырыс берушіде, екіншісі – Грант алушыда. Келісімде көрсетілген тәртіппен жасалған қосымшалар мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 10. ТАРАПТАРДЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛ ҚОЮЛАРЫ

| Тапсырыс беруші: | Орындаушы: |
|---|---|
| **«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.**<br>160019, Шымкент қ., Әл-Фараби алаңы, 1<br>**БСН** 991040003556<br>**БСК** TSESKZKA<br>**ЖСК** KZ09998STB0000790058<br>АО «Alatau City Bank»<br>КБЕ 17<br>Тел.: 8(7252) 39-57-57<br><br>Ректор :<br><br>_________________ | <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>________________________ |

# В ҚОСЫМШАСЫ

## Гранттық қаржыландыру аясындағы өтінім бойынша сараптамалық қорытынды

__________________________________________________________

(Жоба атауы)

| № р/с | Бағалау өлшемінің атаулары | Көрсеткіш | Бағалау өлшемі бойынша балл | Сарапшының бағасы |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | Жобаның жаңашылдығы мен өзектілігі | Зерттеудің гипотезалары, идеялары және күтілетін нәтижелері қаншалықты жаңа? Жоба аясында зерттелетін ғылыми және (немесе) әдіснамалық проблемалық салалар қаншалықты жаңа? Өтініш беруші зерттеу жоспары шеңберінде қолданатын тәсілдер мен әдістер қаншалықты жаңа? Олар қаншалықты заманауи және өзекті? Жоба авторлары сілтеме жасаған әдебиеттер қаншалықты өзекті? | (0-ден 3-ке дейін) | |
| | | Жоба қандай дәрежеде маңызды ғылыми мәселелерді шешеді? Жоба әлемдік үрдістерге қаншалықты сәйкес келеді? Зерттеудің гипотезалары, идеялары және күтілетін нәтижелері қаншалықты перспективалы? Жоба ғылымның дамуына серпінді (прорывтық) үлес қоса ала ма? Зерттеу нәтижелерін жариялау үшін таңдалған журналдардың деңгейі қаншалықты жоғары? Жоба аясында жоспарланған жарияланымдардың сапасы мен саны конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес келе ме? Өтініш беруші жариялауды жоспарлаған мақалалар саны қаншалықты негізделген? | (0-ден 6-ке дейін) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Зерттеу жоспарының сапасы мен іске асырылу мүмкіндігі | Зерттеуде қолданылатын әдістер қаншалықты негізделген? Қолданылатын әдістер мен тәсілдер қойылған мақсаттарға, міндеттерге, гипотезаларға және күтілетін нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді? Өтініш беруші қолданатын бастапқы деректерді жинау тәсілдері мен олардың дереккөздері қаншалықты сенімді? Өтініш беруші зерттеу сұрақтары мен деректерді жинау әдістері арасындағы өзара үйлесімділікті көрсете ме? Алынған деректерді кейінгі статистикалық өңдеу үшін эксперименттер қаншалықты дұрыс жоспарланған? Плагиаттың, деректерді бұрмалау мен қолдан жасаудың, жалған авторлықтың және нәтижелерді иемденудің алдын алу мәселелері өтініш беруші тарапынан қаншалықты тиімді шешіледі? Жануарлар мен адамдарға жүргізілетін эксперименттік зерттеулерге қатысты этикалық мәселелер өтініш беруші тарапынан қаншалықты пысықталған? Тиісті нормалар қаншалықты сапалы сақталған? Ұсынылған әдістер мен тәсілдердің сапасы, олардың мақсаттарға, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге сәйкестігі, сондай-ақ зерттеу жоспарының жалпы сапасы туралы сарапшының басқа да пікірлері. | (0-ден 3-ке дейін) | |
| | | Нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі. Жоба аясында күтілетін нәтижелерге қол жеткізу ықтималдығы қаншалықты жоғары? Зерттеу нәтижелерінің өтінімде көрсетілген журналдарда жариялануға қабылдану ықтималдығы қаншалықты? Зерттеуді сәтті аяқтауға қандай тәуекелдер бар? Олардың деңгейі қандай және тәуекелдерге жауап беру мәселелері өтініш беруші тарапынан қаншалықты пысықталған? Жобаны іске асырудың баламалы жолдары мен тәсілдері бар ма? Ұсынылған зерттеу жоспары баламалы нұсқалармен салыстырғанда қандай артықшылықтарға ие? | (0-ден 3-ке дейін) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Күтілетін нәтижелер және олардың маңыздылығы | Жобаның нәтижелілігі мен тиімділігі. Күтілетін жоба нәтижелері сұралған қаржыландыру көлемімен қаншалықты үйлесімді? Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жоба қаражаты қаншалықты тиімді жұмсалады? Зерттеулердің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін қандай шаралар қабылданады? | (0-ден 3-ке дейін) | |
| | | Күтілетін нәтижелердің маңыздылығы мен қолданбалылығы.<br>Зерттеудің күтілетін нәтижелері қай салада қолданылуы мүмкін? Олардың көмегімен шешілетін міндеттің сипаты мен ауқымы қандай? Күтілетін нәтижелер қолданыстағы баламалармен салыстырғанда (ал баламалар болмаған жағдайда — ұқсас міндеттерді шешудің бар шешімдерімен салыстырғанда) бәсекеге қабілетті ме? Жобаны іске асырудың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық немесе өзге де ықтимал әсері қандай? Зерттеу нәтижелерін пайдалану жолдары қандай? Олар практикалық қолдануға және коммерцияландыруға қаншалықты дайын? Оларды қолдануға қандай шектеулер болуы мүмкін?<br>Жоба нәтижелері бойынша жарияланған мақалалардың тұрақты түрде қолданылуы және дәйексөзделуі қаншалықты ықтимал? Жоба 40 жастан аспайтын жас зерттеушілерді (студенттерді, магистранттарды, докторанттарды, постдокторанттарды) даярлауға қандай үлес қосады? Күтілетін нәтижелердің маңыздылығы қаншалықты анық әрі толық тұжырымдалған? Өтініш берушінің күтілетін нәтижелердің маңыздылығы туралы пікірі қаншалықты негізделген және сенімді? | (0-ден 6-ке дейін) | |
| Қорытынды балл | | Жоғарыда көрсетілген барлық бағалау өлшемдері бойынша жинақталған баллдардың қорытындысы | | |

Сарапшының толық аты-жөні_______________________________________________

**Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде сұралып отырған қаржы сомасының негізділігіне қатысты сарапшының қорытындысы, теңге**

________________________________________________________
(Жобаның атауы)

| № р/ с | Шығын атауы | Сұралатын сома | Сарапшылардың пікірі бойынша шығын құны |
|---|---|---|---|
| 1 | Қызметтік іссапарлар | | |
| 2 | Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа қызметтер мен жұмыстар | | |
| 3 | Материалдарды сатып алу (заңды тұлғалар үшін), жабдықтар және/немесе бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алу (заңды тұлғалар үшін) | | |
| 4 | Зерттеулерді жүзеге асыруға арналған жабдық пен техникаға арналған жалға алу және пайдалану шығындары | | |
| 5 | Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу | | |
| 6 | Зерттеулерді жүзеге асыруға арналған жабдық пен техникаға арналған жалға алу және пайдалану шығындары | | |
| 7 | Жоба немесе бағдарламаны қаржыландыруға ұсынылатын жалпы сома, сұралатын соманың негізділігін бағалау бойынша сарапшының ұсынысы | | |

Сұралатын соманың негізділігін бағалаған сарапшының толық аты-жөні _________________